



Утверждены
решением Совета директоров АО «Сентрас Иншуранс»
от «17» февраля 2020 г., Протокол № 9

Согласованы
решением Правления АО «Сентрас Иншуранс»
от «13» февраля 2020г., Протокол № 6

СЕ-37

**«Саяхатшы»
ерікті кешенді сақтандыру
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру шартын (бұдан әрі – сақтандыру шарты) жасау, соның ішінде сақтандыру полисін бере отырып сүйемелдеу және орындау тәртібін, сақтандыру шарттарын реттейді.

2. Осы Ережелерге сәйкес сақтандырудың келесі түрлерінің (сыныптарының) (олардың барлығы немесе әр түрлі комбинациясы) аясында сақтандыру шарттарын жасау көзделген.

- а) өзге қаржы шығындарынан ерікті сақтандыру;
- б) жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру;
- в) мүлікті залалдан ерікті сақтандыру.

Сақтандыру тәуекелдерін ескере отырып, сақтандырудың нақты түрінің ерекше шарттары осы Ереженің № 1, 2, 3, 4, 5, 6 Қосымшаларына сәйкес айқындалады.

3. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар:

1) **жол жүк** - тиісті көлік түрінің жолаушылар мен жол жүкті тасымалдау ережелерінде белгіленген нормалар шегінде көлік құралының жүк арту бөлімшесінде тасымалданатын және буып-түйілген жолаушының мүлкі. Жол жүктің тасымалдануы жол жүгіне қатысты берілетін түбіртекпен расталады;

2) **жақын туыстары** - ата-аналары, балалары, баланы асырап алушылар (ұлды немесе қызды асырап алғандар), асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілер, аталар, әжелер, немерелер;

3) **Пайда алушы** - сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Осы Ережеге сәйкес Пайда алушы осы Ереженің № 1, 2, 3, 4, 5, 6 Қосымшаларына сәйкес айқындалады.

Жасы 14 дейінгі Сақтандырылушы тұлғаға тиесілі сақтандыру төлемі оның заңды өкіліне (ата-анасына, қамқоршысына және т.б.) төленеді.

Сақтандырылушы және/ немесе жақын туысы қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемі заңнамаға сәйкес сақтандыру төлемін алуға құқығы бар тұлғаға беріледі.

4) **жолаушыны тасымалдау шарты** - жол жүру билеті және жолаушы жол жүкті тапсырған жағдайда жол жүктің түбіртегі. Жолаушыны тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жолаушыны межелі пунктке тасымалдауға, сондай - ақ межелі пунктке оның жол жүгін жеткізуге міндеттенеді, ал жолаушы жол жүру үшін, ал жол жүкті тапсырған кезде жол жүкті алып жүргені үшін де ақы төлеуге міндеттенеді.

5) **Сақтандырылушы** - оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға (жасына қарамастан, балаларды қоса алғанда). Қазақстан Республикасының азаматтары және (немесе) шетелдік тұлғалар Сақтандырылушы бола алады. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылушы бола алады;

6) **жолаушы** - жол жүру билетімен куәландырылған, тасымалдаушымен жолаушыны әуе көлігімен, теміржолмен немесе автокөлікпен (трансфер) тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;

7) **тасымалдаушы** - меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде көлік құралын иеленетін, жолаушыларды тасымалдау қызметтерін көрсететін және бұған заңнамада белгіленген тәртіппен берілген тиісті рұқсаты бар тұлға. Тасымалдаушы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жолаушының алдында жауап береді;

8) **сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңі** - Сақтандырушыда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын уақыт кезеңі;

9) **жол жүру билеті (тасымалдау құжаты)** - Сақтандырылушының көліктің қандай да бір түрінде жол жүру құқығын растайтын құжат (жолаушыны тасымалдау);

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ;	СЕ-37 «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережесі	17.02.2020 ж. № 2 басылым	Бет 2 - 26
		27.05.2019 ж. басылымның орнына	

10) **жол жүктің жоғалуы** - тасымалдау нәтижесінде Сақтандырылушының жол жүгінің қайтарымсыз жоғалуы. Жол жүктің жоғалуы болып табылады:

а) зақымдану, егер:

жол жүгін қалпына келтіру мүмкін болмаса;

б) Сақтандырылушы жол жүру билетінде көрсетілген межелі пунктке келгеннен кейін он тәулік ішінде тасымалдаушының жол жүкті жоғалту фактісін мойындауы болған жағдайда жол жүк келмесе;

11) **Сақтанушы** - Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Балаларға немесе әрекетке қабілетсіз тұлғаларға қатысты сақтандыру шартын жасаған кезде сақтанушы тек олардың заңды өкілі (ата-анасы, қорғаншысы және т. б.) бола алады;

12) **сақтандыру қорғанысы** - Сақтандырушының Сақтандырылушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемі нысанында материалдық залалды беруге заңды міндеттемемен қамтамасыз етілген дайындығы;

13) **сақтандыру мүддесі** - тұлғаның сақтандырудағы материалдық тұлғадан мүдделі болу шарасы. Сақтандыру мүддесінің иесі Сақтанушы мен Сақтандырылушы болады;

14) **сақтандыру тәуекелі** - сақтандыру жағдайының басталуының ықтималдығы;

15) **Сақтандырушы** - мүлікті залалдан ерікті сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар және сақтандыру жағдайы басталған кезде пайдасына сақтандыру шарты жасалған тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы;

16) **сақтандыру аумағы** - сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандыру қорғанысының күші қолданылатын аумақ;

17) **көлік құралы** - жолаушыларды тасымалдауға арналған әуе кемесі немесе теміржол вагоны, автокөлік құралы.

4. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген сома шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Сақтандыру тәуекелдері. Сақтандыру объектілері

5. Осы Ережеге сәйкес сақтандыру тәуекелдері төмендегілер болып табылады:

А секциясы - сапардан мәжбүрлі бас тарту;

В секциясы - әуе рейсінің кешігуі, пойыздың жөнелтілу уақытының ауыстырылуы (кестеден тыс);

С секциясы - Сақтандырылушыға қатысты болған жазатайым оқиға;

Д секциясы - жол жүгінің жоғалуы;

Е секциясы - Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттардың жоғалуы;

Ғ секциясы - Сақтандырылушының Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған кезеңінде зақымдануы немесе жойылуы салдарынан тұрғын жылжымайтын және онда тұрған жылжымалы мүлікке келтірілген залал.

6. Осы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін сақтандыру объектілері болып табылады:

А секциясы - жол жүруден мәжбүрлі бас тарту салдарынан шығындардың пайда болу тәуекеліне байланысты Сақтандырылушының мүліктік мүдделері (сақтандырудың ерекше шарттары осы Ереженің № 1 Қосымшасында белгіленген);

В секциясы - пойыздың жөнелтілуі кешіктірілгенде немесе ұшып шығу кідірген кезде тұруға және тамақтануға жұмсалатын күтпеген шығыстардың туындау қаупіне байланысты Сақтандырылушының мүліктік мүдделері (сақтандырудың ерекше шарттары осы Ереженің № 2 Қосымшасында белгіленген);

С секциясы - жазатайым оқиға кезінде болған жазатайым оқиға нәтижесінде өміріне немесе денсаулығына зиянның келуіне байланысты Сақтандырылушының мүліктік мүдделері:

а) әуе көлігімен ұшу барысында;

б) пойызда жүргенде;

в) автокөлік трансфері кезінде.

Сақтандырудың ерекше шарттары осы Ереженің № 3 Қосымшасында белгіленген.

Д секциясы - Сақтандырылушының өзіне тиесілі жол жүкті жоғалтуына байланысты мүліктік мүдделері (сақтандырудың ерекше шарттары осы Ереженің № 4 Қосымшасында белгіленген);

Е секциясы - үнемі тұратын жерінен тыс жерде болған уақытта жоғалған құжаттарды (шетелдік төлқұжатты, жеке куәлікті) қалпына келтіру мақсатында жүргізілген күтпеген шығыстарға қатысты Сақтандырылушының мүліктік мүдделері (сақтандырудың ерекше шарттары осы Ереженің № 5 Қосымшасында белгіленген);

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ;	СЕ-37 «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережесі	17.02.2020 ж. № 2 басылым	Бет 3 - 26
		27.05.2019 ж. басылымның орнына	

Г секциясы - Сақтандырылушының Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған кезеңінде зақымдануы немесе жойылуы салдарынан оған залал келтірілген болса, тұрғын жылжымайтын және ондағы жылжымалы мүлікті иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты Сақтандырылушының мүліктік мүдделері (сақтандырудың ерекше шарттары осы Ереженің № 6 Қосымшасында белгіленген).

7. Сақтандыруға жататын тәуекелдер мен сақтандыру объектілері сақтандыру шартында көрсетіледі.

8. Сақтанушының құқыққа қарсы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

3. Сақтандыру жағдайы

9. Сақтандыру жағдайы - орын иалған жағдайда сақтандыру шарты бойынша төлемді жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

10. Сақтандыру оқиғасы – салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкелуі мүмкін оқиға.

11. Сақтандыру жағдайы сақтандыру оқиғасы болып табылады, егер ол орын алған болса (жиынтығында):

- 1) сақтандыру (сақтандыру қорғанысы) шартының қолданылу мерзімі ішінде;
- 2) сақтандыру аумағында;
- 3) сақтандыру шартында аталған сақтандырылған тәуекелдердің басталуы салдарынан.

12. Сақтандыру тәуекелдерін ескере отырып, сақтандырудың нақты түріне байланысты сақтандыру жағдайлары осы Ереженің № 1, 2, 3, 4, 5, 6 Қосымшаларында анықталған.

13. Сақтандыру жағдайының орын алғанын, сондай-ақ өзіне келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктелген.

4. Сақтандыру оқиғаларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу

14. Осы Ережеге сәйкес өтелмейді:

- 1) моральдық зиян, іскерлік беделге залал, жіберіп алған пайда, жанама шығындар;
- 2) сот шығындары.

15. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру жағдайына оның салдарынан келтірілген залал жатпайды:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсерінен;
- 2) әскери іс-қимылдардың немесе әскери іс-шаралардың және олардың салдарларын жою, әскери құрал-саймандарды жою немесе бүлдіру салдарынан;
- 3) террористік актілерден, диверсиялық әрекеттен;
- 4) азаматтық соғыстан, түрлі сипаттағы халық толқулардан, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдерден.

16. Сақтандырушы өтемейді (оның ішінде сақтандыру жағдайынан туындаған):

1) кез келген уәкілетті органдарда (ксерокөшірме, нотариалдық куәландыру, сараптама; адвокаттың, өкілдің, аудармашының және т. б. қызметтері) сақтандыру жағдайымен және оны дәлелдеумен байланысты істерді жүргізуге арналған шығыстар;

2) қалпына келтіру жұмыстары барысында сақтандырылған мүлікті жақсарту және жетілдіру бойынша орын алатын шығыстар;

- 3) үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу бойынша шығыстар;
- 4) әкімшілік айыппұлдар, мемлекеттік баждар, алымдар және т. б.;
- 5) рейстің шықпауы салдарынан жаңа билет сатып алуға байланысты шығыстар.

17. Сақтандырушы залал үшін жауапты болмайды:

- 1) сақтандыру сомасының (Сақтандырушының жауапкершілігі лимитінің) мөлшерінен артық;
- 2) сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде айтылмаған.

18. Сақтандыру түрі бойынша сақтандыру оқиғаларынан өзге де алып тастаулар осы Ереженің 1, 2, 3, 4, 5, 6 Қосымшаларында айқындалған.

19. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларынан өзге де алынып тасталатындардың және (немесе) сақтандыруды шектеулердің көзделуі мүмкін.

5. Сақтандыру сомасы. Франшиза

20. Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

21. Сақтандыру тәуекелдерін ескере отырып, сақтандырудың әрбір түрі бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің лимиттері осы Ереженің № 1, 2, 3, 4, 5, 6 Қосымшаларында белгіленген.

22. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы сақтандыру тәуекелдерін ескере отырып, сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің лимиттерін қосу арқылы айқындалады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ;	СЕ-37 «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережесі	17.02.2020 ж. № 2 басылым	Бет 4 - 26
		27.05.2019 ж. басылымның орнына	

23. Франшиза - Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босатуды көздейтін сақтандыру талаптары. Франшизаның сақтандыру сомасына пайызбен де, абсолюттік мөлшерде де белгіленуі мүмкін.

Сақтандыру шартын жасасу кезінде шартты (шегерілмейтін) немесе шартсыз (шегерілетін) франшиза қолданылуы мүмкін.

Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ, егер оның мөлшері осы сомадан артық болса, залалды толық өтеуге тиіс.

Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген сомадан шегеріле отырып өтеледі. Қолданылатын франшизаның түрі мен мөлшері сақтандыру шартымен белгіленеді.

6. Сақтандыру сыйлықақысы. Төлеу тәртібі және мерзімдері

24. Сақтандыру сыйлықақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Пайда алушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

25. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру шартына енгізілген сақтандыру түрлерінің кешеніне байланысты айқындалады және Сақтандырушы бекіткен сақтандыру тарифтерінің негізінде есептеледі.

26. Сақтандыру тарифі сақтандыру тәуекелдерін ескере отырып, сақтандыру түріне байланысты есептеледі.

27. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы Қазақстан Республикасының валютасында төлейді.

Сақтандыру сыйлықақысының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда шетел валютасында (валюталық баламада) төленуі мүмкін.

28. Сақтандыру сыйлықақысы бір мезгілде немесе бөліп-бөліп, қолма-қол ақшасыз төлеммен немесе қолма-қол ақшамен (заңнама талаптарын сақтай отырып) төленеді.

Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі және мерзімі сақтандыру шартымен белгіленеді.

7. Құқықтары мен міндеттері

29. Сақтанушы (Сақтандырылушы) құқылы:

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпаратты талап етуге;

2) сақтандыру талаптарымен танысуға, Ережені алуға;

3) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда телнұсқасын алуға;

4) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген талаптарда, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін алуға;

5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешімін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте даулауға;

6) сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

7) кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға.

30. Сақтанушы міндетті:

1) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болатын ықтимал шығындардың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар белгілі мән-жайларды хабарлауға;

2) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

3) Сақтандырылушыны сақтандыру шарттарымен таныстыруға. Сақтандырылушының сақтандыру шартын бұзуы оны Сақтанушының өзі бұзған болып саналады;

4) сақтандыру шарты бойынша міндеттерді, сақтандыру талаптарын орындауға;

5) сақтандыру жағдайларының алдын алу және жою мақсатында қажетті шаралар қабылдауға;

6) Сақтандырылушының шет мемлекеттердің визаларын алуға, жолаушылар мен жол жүкті тасымалдауға, қауіпсіздік техникасы мен т. б. қатысты ережелерді, техникалық нормаларды, стандарттарды, нұсқаулықтарды және т. б. сақтауға немесе сақтауды қамтамасыз етуге;

7) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабардар етуге;

8) сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлауға;

9) сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін сақтандыру оқиғасының басталғаны туралы сақтандырушыға орнын, уақытын және оған байланысты барлық мән-жайларды көрсете отырып, дереу хабарлауға және хабарланған күннен бастап 3

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ;	СЕ-37 «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережесі	17.02.2020 ж. № 2 басылым	Бет 5 - 26
		27.05.2019 ж. басылымның орнына	

(үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылған ақпаратты жазбаша растауға тиіс. Егер Сақтанушы дәлелді себептермен аталған әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжатпен растауға тиіс;

10) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде сақтандыру жағдайынан болған залалды болдырмау және азайту жөніндегі барлық мүмкін болатын және мақсатқа сай шараларды қолдану, сақтандыру шартында көзделген іс-әрекеттерді жасау;

11) сақтандыру оқиғасының орын алу фактісін дәлелдеуге;

12) сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін осы Ереженің 10-бөліміне және оның Қосымшаларына сәйкес Сақтандырушы талап ететін және қажетті барлық құжаттарды ұсынуға;

13) үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген шығындардың қандай да бір өтемін (өтемақысын) алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлай отырып, алынған сақтандыру төлемінің тиісті бөлігін Сақтандырушыға қайтаруға;

14) осындай құқықты іске асыру үшін қажетті құжаттарды беруді қоса алғанда, сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;

15) сақтандыру шартының талаптары, сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің мөлшері туралы құпиялылықты сақтауға.

31. Сақтандырушы құқылы:

1) сақтандыру шартын жасаған кезде Сақтанушы беретін ақпаратты тексеруге;

2) сақтандыру шартын жасасудан бас тарту себептерін түсіндірмей бас тартуға;

3) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің жай-күйін, оның сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушы берген мәліметтерге сәйкестігін тексеруге;

4) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі ұлғайған кезде сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және (немесе) қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес талап етуге;

5) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру шартының талаптарын орындауды талап етуге;

6) сақтандыру оқиғасын (жағдайын) тергеуге қатысуға, сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салу жіберуге, келтірілген залалдың мөлшерін айқындауға, ал қажет болған жағдайда залалдың себептері мен сомасын анықтау мақсатында сараптама тағайындауға немесе бейінді мамандарды тартуға;

7) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді кейінге қалдыру туралы шешім қабылданған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлама жібере отырып өтініш берушіге, мән-жайлар анықталғанға және құзыретті органдардың келтірілген залалдың себептері мен мөлшерін айқындайтын барлық мәліметтері мен қажетті құжаттарын алғанға дейін кейінге қалдыруға;

8) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) осы сақтандыру шартының 10-бөлімінде және оның Қосымшаларында көрсетілген сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау себептері мен мән-жайларын, келтірілген залалдың мөлшерін анықтау үшін қажетті құжаттарды талап етуге;

9) сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде сақтандыру сыйлықақысын (оның бір бөлігін) төлеу бойынша бар берешектің сомасын есептеуге;

10) осы Ережеде және оның Қосымшаларында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайтуға;

11) зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын беруге;

12) Сақтанушы сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру талаптарын бұзған жағдайда сақтандыру шартын бұзуға;

32. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны сақтандыру талаптарымен (Ережелерімен) таныстыруға, Сақтанушыға сақтандыру полисін беру арқылы сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушыға Ережені беруге;

2) сақтандыру жағдайы туралы хабар алған кезде оны дереу тіркеуге;

3) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) оларға сақтандыру жағдайы бойынша ұсынылған құжаттардың тізбесін және оларды қабылдаған күнін көрсете отырып, сондай-ақ жетіспейтін құжаттарды көрсете отырып, анықтама беруге;

4) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, оларды сақтандыру төлемін беру туралы өтніш түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етуге;

5) сақтандыру жағдайы басталғанда осы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

6) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы (оқиға) кезінде залалды азайтуға жұмсаған шығындарды қайтаруға;

7) Сақтанушы сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда оның телнұсқасын ресімдеуге;

8) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ;	СЕ-37 «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережесі	17.02.2020 ж. № 2 басылым	Бет 6 - 26
		27.05.2019 ж. басылымның орнына	

33. Сақтандырушының, Сақтанушының (Сақтандырылушының) заңдарда, осы Ережеде, сақтандыру шартында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері болады.

8. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің артуының салдары

34. Шарттың қолданылуы кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы өзіне белгілі болған кезден бастап дереу, бірақ, 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

35. Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін болған және тәуекел дәрежесін ұлғайтатын өзгерістер сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуды және осындай бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге, ал сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқық береді.

36. Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы тараудың 34-тармағында көзделген міндетті орындамаған кезде сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы:

- а) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес азайту;
- б) сақтандыру төлемінен бас тарту.

37. Егер сақтандыру тәуекелін арттыратын жағдайлар жойылған болса Сақтандырушы Сақтандыру шартының бұзылуын талап етуге құқылы емес.

9. Сақтандыру жағдайы туындаған кездегі әрекеттер:

38. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін оқиға басталған кезде сақтанушы міндетті:

1) дереу, бірақ, оқиға басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей (оқиғаның басталғаны туралы белгілі болған сәттен бастап) Сақтандырушыға залалдың пайда болуының сипатын, мән-жайларын (себептерін), сондай-ақ оның болжамды мөлшері туралы жазбаша хабарлауға;

2) ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қол жетімді шаралар қабылдауға;

3) кінәлі тұлғаға келтірілген залал туралы заңнамада көзделген мерзімде жазбаша мәлімдеуге;

4) қолданылып жүрген заңдарға немесе Сақтандырушының ұсынымдарына сәйкес келтірілген зиянның құжаттамалық ресімдеуді қамтамасыз етуге;

5) Сақтандырушыға (оның өкіліне) сақтандыру оқиғасын тергеп-тексеру және келтірілген залалдың мөлшерін айқындау мүмкіндігін беруге;

6) сақтандыру жағдайын тергеп, тексеруге қатысты барлық ақпаратты хабарлап отыруға, Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының басталу мән-жайлары мен себептерін тергеуде жан-жақты жәрдем көрсетуге, Сақтандырушының пікірі бойынша болған оқиғаның мәртебесі туралы шешім қабылдау үшін қажетті түсініктемелер беруге және (немесе) құжаттарды беруге кедергі жасамауға және жалтармауға;

7) Сақтандырушының нұсқауларын (олар болған жағдайда) орындауға. Алайда, бұл нұсқаулар Сақтандырушының өз сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетін мойындауы деп танылмайды;

8) Сақтандырушының залалдар үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын іске асыруын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

39. Сақтандыру түріне байланысты Ереженің Қосымшаларында сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде Сақтанушының (Сақтандырылушының) қосымша іс-әрекеттері көзделуі мүмкін.

40. Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының (жағдайының) басталғаны туралы хабарламау оған сақтандыру төлемін беруден толық немесе ішінара бас тартуға құқық береді.

10. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және шығындар мөлшері

41. Егер сақтандыру шартында өзгеше мерзім көзделмесе, Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей сақтандыру төлемі туралы өтінішпен жүгінуге тиіс.

42. Сақтандыру төлеміне өтінішке қоса берілуі тиіс:

1) сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын, оның салдарынан келтірілген залалдың себептері мен мөлшерін айқындайтын құжаттар;

2) тұлғаның сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері (апостиль қойылған көшірмелері).

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ;	СЕ-37 «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережесі	17.02.2020 ж. № 2 басылым	Бет 7 - 26
		27.05.2019 ж. басылымның орнына	

43. Сақтандыру тәуекелдерін ескере отырып, сақтандырудың нақты түріне байланысты құжаттардың тізбесі осы Ереженің № 1, 2, 3, 4, 5, 6 Қосымшаларында анықталған.

44. Зиянды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушы шеккен шығыстарды өтеу үшін олардың растайтын құжаттары (чектер, түбіртектер, шоттар, жүкқұжаттар, орындалған жұмыстар актілері және т.б.) қоса берілуге тиіс.

45. Сақтандырушыға шет тілінде берілетін құжаттар аударманың дұрыстығын нотариалды куәландыра отырып, қазақ немесе орыс тіліне аударылуға тиіс.

46. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып оларды қабылдағандығы туралы анықтама беруге міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің белгісімен Сақтандырушыда қалады.

47. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлеміне қатысты мәселені қарастыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінішті алған күннен бастап сақтандыру төлемі туралы жазбаша хабарлауы тиіс және өтініш берушіге жетіспейтін құжаттар туралы мәлімдеме жасауға міндетті.

48. Егер сақтандыру төлемі туралы мәселені шешу үшін Сақтандырушыға қосымша ақпарат қажет болса, ол Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

11. Шығындар мөлшерін анықтау

49. Сақтандырушы оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған кезде сақтандыру төлемі франшиза ескеріле отырып, сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы (Сақтандырушы жауапкершілігінің лимиті) шегінде, бірақ, Сақтандырылушыға келтірілген нақты залалдан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

50. Келтірілген залалдың мөлшерін Сақтандырушы сақтандыру тәуекелдерін ескере отырып (осы Ереженің 1, 2, 3, 4, 5, 6 Қосымшалары) сақтандырудың ерекше шарттарында белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайының басталуын, келтірілген залалдың (зиянның) себептері мен мөлшерін тіркейтін құжаттардың негізінде айқындайды.

51. Сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасының сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

52. Тараптар арасында залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысы сараптама (құзыретті тұлғаның зерттеуі) жүргізуге құқылы. Сараптама (зерттеу) оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

Тараптардың бірі жүргізілген сараптама нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Сақтандырушы осы Ережеде немесе сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімде залалдың жанбайтын бөлігін төлеуді жүзеге асыруға құқылы.

53. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы өзіне тиесілі сақтандыру сыйлықақыларын не Сақтанушы төлемеген сақтандыру жарналарын есепке жатқызуға құқылы.

54. Шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстардың мөлшері осы шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде айқындалады.

55. Сақтанушының ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында жүргізілген шығыстары нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен аспайтындай етіп өтеледі.

Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған шығыстар сақтандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерде өтеледі.

56. Сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген мүлктік залал Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) үшінші тұлғалар атынан өтелген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша өтелуге жататын сома мен үшінші тұлғадан алынған сома арасындағы айырманы ғана өтейді.

57. Сақтандырушы сақтандыру төлемін (немесе оның бір бөлігін) сақтандыру төлемінің сомасы шегінде заттай нысандағы залалды өтеумен ауыстыруға құқылы.

12. Сақтандыру төлемдерін беруді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

58. Сақтандыру төлемі - Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ереженің № 1,2,3,4,5,6 Қосымшаларында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

59. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе одан бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылушы) құжаттардың толық жиынтығын бергеннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ;	СЕ-37 «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережесі	17.02.2020 ж. № 2 басылым	Бет 8 - 26
		27.05.2019 ж. басылымның орнына	

60. Сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында теңгемен (Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне – «Қазақстан Халық банкі» АҚ аудару күнгі бағамы бойынша АҚШ долларымен), сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

61. Сақтандырушы өтініш берушіге бұл туралы жазбаша хабарлай отырып, сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды тоқтата тұруға құқылы:

1) егер тиісті құзыретті органдар қылмыстық іс қозғаса немесе қылмыстық іс бойынша заңды күші бар үкім шығарылғанға немесе тергеу аяқталғанға дейін сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан мән-жайларды әкімшілік тергеп-тексеруді бастаса және Сақтандырушыға тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін;

2) егер сақтандыру оқиғасының басталғанын немесе келтірілген зиянның мөлшерін растайтын ұсынылған құжаттарды тексеру үшін объективті (дәлелді) негіздер болса, құзыретті органдардың олардың шынайылығы туралы растамасы алынғанға дейін 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге.

62. Сақтандыру төлемін беруді уақытында жүзеге асырмағандығы үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 353-бабына сай жауапкершілікке тартылады.

63. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру салдарынан болса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасқана әрекеттері (қажетті қорғаныс жағдайында немесе аса қажетті жағдайда жасалған әрекеттерді санамағанда);

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Сақтанушының (Сақтандырылушының) іс-әрекеттерін тоқтата тұруға құқылы;

3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) ішімдікке мас, уланған немесе есірткілік мас күйінде жасалған немесе психотроптық құралдардың әсер етуінен жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ осындай жай-күйлердің салдарлары.

64. Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) шығындарды азайту үшін қисынды және қол жетімді шараларды қасақана қолданбауы салдарынан туындаған залалдар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

65. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз бола алады:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру шартында белгіленген міндеттемелер мен талаптарды орындамауы;

3) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің өзгеруі туралы хабардар етпеуі;

4) сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін оқиғаның басталуы туралы Сақтандырушыға сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы. Сақтанушының (Сақтандырылушының) дәлелді себеппен Сақтандырушыны хабардар ету мүмкіндігі болмаған және оны құжатпен растаған жағдайлар ерекшелік болып табылуы мүмкін;

5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушының сақтандыру оқиғасының орын алу себептері мен мән-жайларын тексеруіне, оның салдарынан келтірілген залалдардың мөлшерін анықтауына кедергі келтірген болса;

6) сақтандыру аумағының шегінен тыс және (немесе) сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінен тыс сақтандыру жағдайының басталуы;

7) сақтандыру шартында көзделген құжаттарды беру мерзімдерін бұзу;

8) егер Сақтанушы сақтандыру шартын жасасқан кезде заңсыз пайда алу мақсатын көрінеу қудалаған болса;

9) Сақтанушы мүліктік сақтандыру бойынша заладың келуіне кінәлі тұлғадан тиісті өтем алса;

10) егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте сақтандыру шарты күшіне енбесе;

11) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандыру шартының 10-тарауында көрсетілген келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда;

12) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қойылатын талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы.

13) заңнамада, сақтандыру шартында көзделген басқа да жағдайлар.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ;	СЕ-37 «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережесі	17.02.2020 ж. № 2 басылым	Бет 9 - 26
		27.05.2019 ж. басылымның орнына	

66. Сақтандырушының Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босатылуы Сақтандырушыны сақтандыру төлемін Сақтандырылушыға беруді жүзеге асыру жауапкершілігінен қатар босатады.

67. Егер өзгеше жағдайлар сақтандыру шартында көзделмеген болса, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) толық көлемде төлемеген жағдайда, Сақтандырушының осындай сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелері басталған жоқ деп есептеледі және сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмау құқығына ие болады.

68. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы Сақтандырушы шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде себептерін дәлелді негіздей отырып, Сақтанушыға жазбаша нысанда хабарлайды.

69. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

70. Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемін (оның тиісті бөлігін) қайтаруға міндетті:

- егер мүлтік залалды сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) зиян келтіргені үшін жауапты тұлға өтесе;
- егер талап қою мерзімі ішінде заң күшіне орай немесе осы Ережеге сәйкес Сақтанушыны (Сақтандырылушыны, Пайда алушыны) сақтандыру төлемін алу құқығынан толық немесе ішінара айыратын мән-жай табылса;
- егер жоғалған жол жүк табылса, жеткізілсе және Сақтандырылушыға берілсе.

Сақтандыру төлемінің (оның бір бөлігінің) сомасын қайтару осы тармақта көрсетілген оқиға басталған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде Сақтандырушыға жүргізіледі.

13. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

71. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда жасалады:

1) жазбаша өтініш арқылы Сақтандырушыға және толтыру сақтандыру жөніндегі өтініштің ресімделген және Сақтанушы қол қойған соң нысанға сәйкес Сақтандырушыға беріледі. Бұл ретте сақтандыру шарты тараптардың сақтандыру шартын жасауы немесе Сақтанушыға сақтандыру полисін беру жолымен жазбаша нысанда жасалады (№7 Қосымша);

2) Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сондай-ақ тиісті келісім негізінде Сақтандырушының серіктестері болып табылатын басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалана отырып, сақтанушы мен сақтандырушы арасында ақпарат алмасу жолымен жүзеге асырылады. Бұл ретте сақтандыру шарты Сақтанушының осы Ережеге қосылуы арқылы жасалады.

Сақтандыру шартын жасасу үшін электрондық нысанда Сақтанушыға қажет:

1) Сақтандырушының немесе оның әріптесінің интернет-ресурсында орналастырылған Ережемен танысу;

2) Сақтандырушының және/ немесе оның серіктестерінің интернет-ресурсына арналған сақтандыруға берілетін өтініштің электрондық нысанын толтыру арқылы сақтандыру шартын жасасу туралы өтініш беру. Бұл өтініш 24 (жиырма төрт) сағат бойы жарамды;

3) интернет-ресурста ұсынылған қолма-қол ақшасыз есеп айырысу нысандарын пайдалана отырып, сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндетті.

Процессингтік жүйеден транзакциядан сәтті өткені туралы ақпарат келіп түскеннен кейін сақтандырушы сақтанушыға ол көрсеткен электрондық пошта мекенжайына сақтандыру шартын жасасу туралы электрондық хабарлама түріндегі ақпаратты жібереді.

72. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын өзінің төлеуімен сақтандыру шарты жасалғанға дейін сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген сақтандыру Ережемен танысып, оған қосылғанын растайды.

14. Сақтандыру шартының қолданылу аумағы мен мерзімі.

Сақтандыру қорғанысының қолданылуы

73. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі сақтандыру шартында көрсетіледі.

74. Егер сақтандыру шартында өзгеше жағдай көзделмеген болса оның қолданылуы сақтандыру шарты күшіне енген сәттен басталады.

Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы сақтандыру шарты қолданылуының басталуымен бір мезгілде өзінің қолданылуын бастайды.

75. Сақтандыру тәуекелдерін ескере отырып, сақтандырудың нақты түріне байланысты сақтандыру аумақтары мен сақтандыру қорғанысының мерзімдері осы Ереженің № 1, 2, 3, 4, 5, 6 Қосымшаларында анықталған.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ;	СЕ-37 «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережесі	17.02.2020 ж. № 2 басылым	Бет 10 - 26
		27.05.2019 ж. басылымның орнына	

76. Сақтандыру түрі мен сақтандыру тәуекелдеріне қарамастан сақтандыру қорғанысы сақтандыру шартында көрсетілген бронға (билеттің, ваучердің және т.б. нөмірлері) қатысты ғана қолданылады.

77. Сақтандыру қорғанысының қолданылуы, егер сақтандыру шартында сақтандыру қорғанысының қолданылуының аяқталуы ретінде бұрын белгіленген оқиға болмаса, сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бір мезгілде тоқтатылады.

78. Сақтандыру шартының қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) қолданылу мерзімі өткен болса;

2) мерзімінен бұрын тоқтатылса.

79. Сақтандыру шарты өз күшін мерзімінен бұрын тоқтатады:

1) Тараптардың бірінің бастамасы немесе тараптардың келісімі бойынша;

2) Сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде міндеттемелерін орындауы;

3) сақтандыру шартында көзделген өзге де жағдайларда.

80. Міндеттемелерді тоқтатудың заңнамқарастырылған жалпы негіздерінен басқа, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сақтандыру объектісінің болуы тоқтаған жағдайда;

2) Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылған тұлға қайтыс болғанда, ол ауыстырылмаған болса;

3) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, ал шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше жағдай белгіленбесе, Сақтанушы мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығарған болса;

4) сақтандыру оқиғасының орын алу ықтималдығы жойылған жағдайда және сақтандыру тәуекелі өзге де мән-жайларға байланысты жойылған болса;

5) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енген болса, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында қарастырылған жағдайларды санамағанда;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Сақтандырушы ресімдеген Сақтандыру полисіне енгізілген талаптар мен мәліметтер өзгерген болса;

7) заңнамада көзделген жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты оны тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі тараптың келесі тарапты дереу арада хабардар етуі тиіс.

81. Осы тараудың 80-тармағында көзделген негіздерде сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының сақтандырудың қолданылу мерзіміне барабар бөлігіне құқылы.

82. Тараптардың әрқайсысы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы бастамашы тарап басқасын болжанатын тоқтату күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.

83. Қайтаруға жататын соманың 25% дейінгі мөлшерде (Сақтандырушының шешімі бойынша) істі жүргізуге арналған Сақтандырушының шығыстарын шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысын (бөлігін) қайтару сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап 10 (он) банктік күн ішінде біржолғы төлеммен жүргізіледі.

84. Сақтанушы кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы. Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын қайтаруды жүргізбеуге құқылы.

85. Егер сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ол бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін жүргізілсе, сақтандыру сыйлықақысы қайтаруға жатпайды.

86. Сақтандыру шартын уақытынан бұрын бұзылуының себебі Сақтандырушының оның талаптарын орындамауы кінәсіне байланысты болса, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

15. Суброгация

87. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандырылуы нәтижесінде өтеген залалдар үшін жауапты адамға талап ету құқығы ол төлеген сома шегінде ауысады.

88. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған өзіне ауысқан Сақтандырушының талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ;	СЕ-37 «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережесі	17.02.2020 ж. № 2 басылым	Бет 11 - 26
		27.05.2019 ж. басылымның орнына	

89. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты адамға талап қою құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсінен жүзеге асыру мүмкін болмаса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

16. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

90. Тараптар еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары, яғни, сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындауы мүмкін болмаған тараптың төтенше және еңсерілмейтін мән-жайлар салдарынан өз міндеттемелерін тиісінше орындау мүмкін еместігін дәлелдесе, жауапкершіліктен босатылады.

91. Тараптардың кез келгенінің сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындау мүмкіндігі болмаған жағдайлар туындаған кезде, оларды орындау мерзімі осындай мән-жайлар әрекет ететін уақытқа мөлшерлес кейін жылжытылады.

92. Егер форс-мажорлық жағдайлар үш айдан астам жалғасатын болса, онда тараптардың әрқайсысы сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда тараптардың ешқайсысының екінші тараптан сақтандыру шартын бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

93. Сақтандыру шарты бойынша өзінің міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған тарап келесі тарапты 20 (жиырма) күндік мерзім ішінде міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін жағдайлардың орын алуы немесе осындай жағдайлардың жойылуы туралы хабардар етуі керек.

17. Дауларды шешу тәртібі

Сақтандыру шартын орындау бойынша сақтандыру субъектілері арасында туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

18. Қосымша шарттар

94. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де талаптардың көзделуі мүмкін.

95. Осы Ереженің негізінде Сақтандырушы сақтандыру тәуекелдерінің әртүрлі жиынтығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де сақтандыру шарттарымен сақтандыру шарттарын жасасуға құқылы.

96. Сақтандыру шартының мазмұны осы Ережеге сәйкес келмеген жағдайда сақтандыру шартына басымдық беріледі.

97. Сақтандыру шартын жасасу және орындау кезінде Тараптар алған, оның ішінде құқықтық қорғауды пайдаланбайтын ақпараттың, сондай-ақ коммерциялық құпия ретінде қаралуы мүмкін мәліметтердің үшінші тұлғаларға екінші тараптың келісімімен ғана немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана ашылуы керек.

98. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тараптар осы сақтандыру шартын жасасу нәтижесінде алынған құпия ақпаратты екінші тараптың жазбаша келісімінсіз жария етуге құқылы емес.

99. Егер сақтандыру шартында заң актілерінде көзделгендермен салыстырғанда Сақтанушының жағдайын нашарлататын талаптар болса, осы заң актілерінде белгіленген талаптар қолданылады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ;	СЕ-37 «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережесі	17.02.2020 ж. № 2 басылым	Бет 12 - 26
		27.05.2019 ж. басылымның орнына	

№ 1 Қосымша

А секциясы. Жол жүруден мәжбүрлі бас тартқан жағдайдағы шығындардан сақтандыру

1. Сақтандыру жағдайы

Сақтандыру жағдайы сақтандыру (сақтандыру қорғанысы) әрекет ету кезеңінде болған мынадай себептер бойынша жол жүруден мәжбүрлі бас тарту салдарынан Сақтандырылушыда шығындардың туындауы болып табылады:

1) Сақтандырылушының немесе оның жұбайының, зайыбының немесе жақын туысының стационарда емделуді талап еткен кенеттен ауырып қалған жағдайлар, бұл ретте стационарлық емдеудің қажеттілігі олар кететін күннен 10 (он) күн бұрын уақыттан ерте емес мерзімде орын алған болса, сонымен қатар аталған мерзім ішінде Сақтандырылушы жол жүруіне медициналық тұрғыдан қарсы көрсетілімдермен стационардан шығарылған болса, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалар қайтыс болса;

2) Сақтандырылушыға меншік құқығында тиесілі жылжымайтын мүлікке төмендегілер салдарынан залалдың келуі: апат; өрт; жарылыс; су құбыры, кәріз, жылыту немесе өртке қарсы жүйелер авариясының салдарынан болған сумен зақымдану; көрші үй-жайлардан судың өтуі; үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері, егер мұндай зиян келтіру шығу күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күннен ерте туындаған және Сақтандырылушының сапарды жасауына объективті кедергі келтірген жағдайда. Залалдың себептері мен салдарын құзыретті органдар құжатпен растауы тиіс;

3) Сақтандырылушының немесе оның жұбайының, болмаса Сақтандырылушымен бірге шығатын баласының Виза алмауы, ал виза алу үшін құжаттар Сақтандырылған (жиынтығында):

- а) уақытша баратын елдің талаптарына сәйкес ресімделген болса;
- б) елшілікке (консулдыққа, визалық орталыққа) уақытылы берілсе;
- в) сақтандыру шартын жасасқаннан кейін тапсырылса.

2. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау

Ереденің 4-тарауында көрсетілген алынып тасталатындарға қосымша, төмендегілер салдарынан орын алған жағдайлар сақтандыру оқиғасы болып танылмайды:

1) Сақтандырылушы сақтандыру шартын жасасқан күні білген немесе білуі тиіс болған себептер;

2) Сақтандырылушының (зайыбының, жұбайының, жақын туысының) санаториялық-курорттық емдеуге жоспарлы емге жатқызылуы, реконструктивтік және пластикалық операциялар жүргізуі;

